

**Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік
қолдау шараларын көрсету тиімділігіне жүргізілген
мемлекеттік аудит қорытындылары туралы
ақпарат**

ҚР Жоғары аудиторлық палатасы 2025 жылғы 25 тамыз бен 31 қазан аралығында жүргізген жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша **2026 жылғы 1 шілдеге дейінгі** орындау мерзімімен 6 тапсырманы қамтитын № 30-12-Н Нұсқама (аудитпен қамтылған кезең 2022 жылғы қаңтардан 2025 жылғы 30 маусымға дейін) шығарылды. **ЖАП-тың барлық тапсырмалары белгіленген мерзімде орындалды**, атап айтқанда:

1) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Жарғысына мемлекеттік қолдау шаралары бойынша міндеттердің қайталануын болдырмауға бағытталған өзгерістер енгізілді.

2) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Даму жоспарына микро, шағын және орта бизнес субъектілерін сақтандыру және кепілдік беру құралдарына қолдау көрсету және тарту (ынталандыру) міндетімен толықтыруға бағытталған өзгерістер енгізілді.

3) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ мемлекеттік қолдау шараларын алушылардың қарсы міндеттемелерді орындау деңгейіне мониторинг жүргізу тәртібін айқындау қағидалары бекітілді.

4) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ «Сақтандыруға және кепілдік беруге өтінішті қабылдау, оны талдау және қарау, бұрын мақұлданған шарттарды өзгертуге өтінішті қабылдау» регламентіне және «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ құжаттар тізбесі туралы ережесіне № 1 өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

5) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына айыппұл санкцияларын (айыппұлдарды, өсімпазды) төмендету, сондай-ақ сақтандыру шартын бұзған кезде ұстап қалуды жою (бас тарту) негіздерін бекітуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

6) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қарыздарды ерікті сақтандыру қағидаларына сақтанушының өнім экспорты бойынша қарсы міндеттемелерді сақтауды көздейтін шарттары мен міндеттерін толықтыруға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.